



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

---

ЕРЕЖЕ



**БЕКІТЕМІН**




«Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
Басқарма төрағасы - ректор  
С.Н.Идрисов  
«19» 01 2024ж.

«КӨШБАСШЫ» БРЕЙН РИНГ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ  
КЛУБЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 238

Атырау 2024ж.

|  |   |                          |
|--|---|--------------------------|
|  <b>ATYRAU UNIVERSITY</b> | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КсАҚ      | Басылым: екінші          |
|  | «Көшбасшы» брейн ринг интеллектуалды Клубы туралы Ереже | 2 - бет, 8 беттен тұрады |

|                   | Лауазымы   | Т.А.Ә.           | Қолы  | Күні       |
|-------------------|--|------------------|---|------------|
| <b>Жасақтаған</b> | Жастар саясаты департаменті директоры                        | Г. Саясат        |  | 18.01.2024 |
| <b>Келісілді</b>  | Академиялық мәселелер жөніндегі проректор                    | А.Е. Чукуров     |  | 18.01.2024 |
|                   | Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор | Л.Е. Қойшығұлова |  | 18.01.2024 |
|                   | Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі                        | Ж.Т. Кайшығұлова |  | 18.01.2024 |
|                   | Заңгер   | К.С. Куанов      |  | 18.01.2024 |

|   |   |                          |
|---|---|--------------------------|
|  | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ      | Басылым: екінші          |
|   | «Қошбасшы» брейн ринг интеллектуалды Клубы туралы Ереже | 3 - бет, 8 беттен тұрады |

### Мазмұны

|    |   |   |
|----|---|---|
| 1  | Жалпы ережелер                            | 4 |
| 2  | Қысқартулар                               | 4 |
| 3  | Нормативтік сілтемелер                    | 4 |
| 4  | Негізгі міндеті                           | 4 |
| 5  | Негізгі қызметі                           | 4 |
| 6  | Ұйымдық құрылымы                          | 4 |
| 7  | Құқығы                                    | 5 |
| 8  | Жауапкершілігі                            | 5 |
| 9  | Қорытынды ережелер                        | 5 |
| 10 | Өзгерістер енгізу тәртібі                 | 6 |
| 11 | Танысу парағы                             | 7 |
| 12 | Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы | 8 |

## **1 Жалпы ереже**

- 1.1 Атырау университетінің «Көшбасшы» интеллектуалды клубы – университет деңгейінде студенттердің ойлау шеберліктерін, білімдерін жүйелеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және ұтымды ой қорыта білуге, ұйымшылдық пен ынтымақтастыққа нығайту үшін ерікті түрде құрылған студенттердің қоғамдық ұйымы.
- 1.2 Сайыс – жоғарыда айтылған шеберліктер мен қасиеттерді қаншалықты меңгергені жайлы мәлімет беретін, өзін-өзі бағалауға бағытталған сайыс құрамындағы командалар арасындағы жарыс.
- 1.3 Команда – сайыс құрамындағы 5 ойыншыдан тұратын команда.
- 1.4 Капитан – толық құқылы мүшесі ретінде қабылданып, капитандығын дәлелдейтін куәлігі бар мүшесі.

## **2 Қысқартулар**

АУ-Атырау университеті;  
ӘМЖЖСЖП-Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;  
ҚББ-Құрылымдық бөлімнің басшысы;  
СМК-Сапа мониторингі кеңсесі.

## **3 Нормативтік сілтемелер**

- 3.1 АУ жарғысы;
- 3.2 АУ ішкі құжаттамасы;

## **4 Негізгі міндеті**

- 4.1 «Көшбасшы» интеллектуалды клубы зеректікке, өзінің мүмкіншілігіне сене білуге, басқалардың пікірін сыйлап, студенттік қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату мақсатында құрылды;
- 4.2 Жоғары оқу орны студенттерінің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
- 4.3 Топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу, тұрмыстық заттарды біліп жүруге үйрету;
- 4.4 Неғұрлым қызықтыратын әлеуметтік және жан-жақты мәселелерді ойлау үшін интеллектуалды клуб мүшелерінің тұрақты жиналыстарын өткізу;

## **5 Негізгі қызметі**

- 5.1 студенттердің креативті ойлауын, шығармашылығын, ой-шеберлігін дамыту;
- 5.2 ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;
- 5.3 басқа оқу орындарымен тәжірибе алмасу, қонақ ойындарын өткізу;
- 5.4 өз көзқарасын қорғауға үйрету;
- 5.5 әр түрлі көзқарастарға төзімділік пен құрмет;
- 5.6 серіктестік қарым-қатынас және командада жұмыс істей білу;

**АУ «Көшбасшы» интеллектуалды сайыстың структурасы.**

## **6 Сайыс ойыны команда капитаны және мүшелерден тұрады**

- 6.1 **Интеллектуалды сайыс ойын клубы әкімшілігінің құрамы:**
  - Команда капитаны
  - Құрам мүшелері

|  |  |                          |
|--|--|--------------------------|
|  <b>ATYRAU<br/>UNIVERSITY</b> | «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ         | Басылым: екінші          |
|  | «Көшбасшы» брейн ринг интеллектуалды<br>Клубы туралы Ереже | 5 - бет, 8 беттен тұрады |

## 6.2 АУ «Көшбасшы» сайыс клубының міндеттері мен құқықтары:

Капитан – Клуб басқарушысы болып саналады.

## 6.3 Клуб басшысы құқылы:

- Сайыс жұмысына өзгертулер енгізуге;
- Сайыс ойындарын университет әкімшілігімен және басқа да студенттік ұйымдармен сәйкестендіруге;
- Топ әкімшілігі мен мүшелерін бекітуге;
- Клуб басшысы басқа да сұрақтарды шешуге.

## 6.4 Клуб басшысының міндетті:

- Сайыс жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
- Топ әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;
- Ойын сайысының жұмысын ұйымдастыруға;

## 6.9 Ақпараттық қызмет – Ойынға екі команда қатысады. Ойын бес ұпайға дейін жалғасады. Бір ойында кем дегенде бес, ең көп дегенде он екі сұрақ оқылады.

Қойылған сұраққа нақты әрі толық жауап берілуі керек. Жүргізуші жауаптың толықтырылуын немесе нақтылануын талап ете алады. Егер жауап толық әрі нақты болмаған жағдайда жүргізуші жауапты қабылдамауға құқылы.

Әр сұрақ – бір ұпай. Жүргізуші сұрақты оқып, арнайы белгі берілгеннен кейін, дұрыс жауапты анықтау үшін командаларға 20 секунд уақыт беріледі. Тетікті алғашқы болып басқан команда, сұраққа бірінші жауап беру құқына ие болады. Егер тетікті бірінші болып басқан команданың жауабы қате болған жағдайда, қарсылас команда қалған уақытты толығымен пайдалана алады. Егер команда құрамындағы жауапты ойыншы, арнайы белгіге дейінтетікті басып қойса (фальстарт), олардың жауабы қабылданбайды және сол ойыншы командасы бір ұпай жинағанға дейін ойыннан шығарылады. Егер команда бірінші секундта тетікті басып, қате жауап берсе, жауап берген ойыншы, айналым соңына дейін ойыннан шығарылады.

## 6.10 АУ «Көшбасшы» сайыс клубы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:

- Сайыс ойынын үйренуге құқылы;
- Клуб ішлік турнирлерге қатысуға құқылы;
- Қалалық, республикалық ойын сайыстарына жолдамамен қатысуға құқылы;
- Уақытылы жиналысқа келуге міндетті.
- Ойын ережесіне сай берілген тақырыптарға дайындалуға міндетті;
- Басқа да жүктелеген жұмыстарды атқаруға міндетті.

## 6.12 Клубқа мүшелік

-Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жоғары оқу орындарының ниет білдіруші кез - келген студенті әр оқу жылының басындағы сайыс ойынының ұйымдастыруымен өтетін іріктеуге қатысу арқылы «Көшбасшы» интеллектуалды сайыс құрамына мүше бола алады.

## 8 Жауапкершілігі

8.1 Интеллектуалды сайыс ойын клубы сөз сөйлеу бағдарламасының сценарийі үшін жауап береді;

8.2 Бекітілген құжатты қызметкерлердің назарына жеткізгені үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады.

## 9 Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің

мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

## **10 Өзгерістер енгізу тәртібі**

- 10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі. Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді. Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді. Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады. Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:
- заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;
  - Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;
  - құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;
  - құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
  - ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.



